АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ МӘҢГІЛІК ӨШПЕС МҰРАСЫ

Ахмет Байтұрсынов қазақтың жоғы – жоғалтқан тілі мен ділін, мәдениетін жоқтаған ірі ғалым-лингвист, әдебиет зерттеушісі, тюрколог, дарынды ақын, аудармашы, қоғам қайраткері болған адам. А. Байтұрсынов 1873 жылы қаңтардың 18-де Қостанай облысының Торғай тарабындағы «Сарытүбек» деген қоныста дүниеге келген. 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныпты орыс-қазақ училищесінде оқиды. Ахаң 1891-1895 жылдары Орынбордың мұғалімдік мектебін бітіреді. Алғашқы қызметін ауыл мұғалімдігінен бастайды. Өзі ізденіп әдебиетпен айналысады. Өлеңдер жазады. 1909 жылы Ахаң Семей абақтысына жабылып, сынсыз, үкімсіз сегіз ай жатады. 1910 жылы түрмеден босанып, Орынбор қаласына жер аударылады. Осында ол 1913-1918 жылдары «Қазақ» газетін шығарады.



Ахмет Байтұрсынов 1923 жылы ұсталып, 1936 жылға дейін лагерде болады. Алайда, қайыра кеңестік кезеңнің репрессиясына ұшырап, алашордашыл халық жауы ретінде 1938 жылы атылады.

1928 жылы Ахаң Алматыда жаңадан ашылып жатқан Қазақ университетіне профессорлық қызметке шақырылады. Сонда Ахаң өмірбаянына былай деп жазған: «1919 жылдың мартында Кеңес өкіметі жағына шығып, Москваға кеттім. 1919 жылғы шілдеде РСФСР Халық комиссарлар Кеңесі мені Қазақ Әскери революциялық комитетінің мүшесі етіп тағайындады».

Елінің болашағы жолында, іргесін шайқалтпау мақсатында Ахаң Кеңестер жағына шығады. Алты жылдай Коммунистік партияға мүше де (1920-1926 жж.) болған. Кеңестердің алғашқы съездеріне қатысады. ҚазЦИК-ке мүшелікке де сайланады. Қазнаркомросс жанындағы Академиялық орталықтың төрағасы болды. Қалайда, Ахаң Қазақ Республикасының шаңырағын көтеріскен мемлекет қайраткері еді. Осы орайда, Ахаң қандай да Қазақстанның елдігін, тәуелсіздікке жеткізуге күш салды. Солай болды да, Ахаңның белсенді араласуымен Қазақ елінің шекарасы анықталды. Ресей қаласы Орынбордан Қазақстан астанасы Қызылордаға ауысты. Қазақстан жеке Республика болып табылады. Сонымен, кемеңгер Ахаң Ел тәуелсіздігі жолындағы күресте коммунистік бағытты да орынды пайдаланған.

Жоғарыда сөз болған өмірбаянында «Алаш» қозғалысына араласқанын да ашық жазады: «1917 жылдың соңынан 1919 жылға дейін Алашорда ұйымында істедім», деп жазған сол өмірбаянында. Кезінде Алашорда болса, большевиктерге еріксіз Қазақ елі тәуелсіздігін мойындатуға ықпалды күш болды.

1909 жылы Қарқаралыда екі сыныпты училищеде меңгеруші болып жүргенде Семей губерниялық жандармы Ахаңды «үкіметке қарсы насихат жасап жүр» деп ұстап, түрмеге жабады. Сәбит Мұқанов «ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті» атты кітабында: «Шыңғысұлы Тәттімбет дейтін жандармда қызмет қылатын адам ақпатшаға қарсы» деп көрсетіп Ахметті абақтыға жапқызғанын жазады. 1909 жылдың шілдесінен 1910 жылғы 21 ақпанға дейін түрмеде болған Ахаң Орынбор қаласына қоныс аударады. Міне, осы жылдардан бастап Ахаңның ғылыми-ағартушылық, журналистік қызметі басталады. Ахаң 1913 жылы «Қазақ» газетінің ел ішінде беделі, әсіресе ағартушылық бағыттағы ықпалы күшті болды. Газетте Міржақып Дулатовпен нықтаса қызмет істеген Ахаң үкімет тарапынан қуғын көрді, редакция жабылып, айып та төленіп тұрды.

1917 жылы Ахаңның «Алашорда» ұйымындағы қызметі басталады. «Қазақ» газеті 1917 жылы 21 қыркүйекте «Алаш» партиясының бағдарламасын жариялайды. Бағдарламаның бірінші тармағында Ресейдің демократиялық федеративті республика болуға тиістігі, тегі, діні, жынысына қарамай сайлау тең өткізіледі деп жазылған. Депутаттардың тікелей, жасырын дауыспен сайлануы атылады. Осы бағдарламада Қазақ автономиясын құру бағыт-бағдарламасы жүйелі сөз болады. Қазақ автономиясы дала облыстарынан қосылып, басқа халықтармен қатар, Ресей федерациясына кіретіні жазылған.

1917 жылы 5-13 желтоқсанда екінші жалпы Қазақты съезінде Қазақ автономиясын жариялау мәселесі сөз болады. Съезд 25 мүшеден тұратын «Алашорда» атты ауқытша халық кеңесін құрады. А. Байтұрсынов халық кеңесі құрамына ұсынылмайды. Ахаң оқулықтар жазу жөніндегі комиссияға сайланады. «Алаш» дегеніміз ұлтшыл, қазақтың басына қайтадан хандықты орнатқысы келген, Қазақстанды Ресейден бөліп әкетуді мақсат еткен партия» деп оны коммунистер жауын тынады. Ұйымның дем берушілерінің бірі Ахаңа тура тиісе алмайды. Елдегі Ахаң беделінен жасқанса керек.

Кеңестердің VII Бүкілресейлік съезінде ВЦИК мүшесі болып сайланған А. Байтұрсынов Казвоенревком төрағасы С.Песковскиймен бірге В.И. Лениннің қабылдауында болып, ел тәуелсіздігінің келелі мәселелері бойынша кеңеседі.

1920 жылы 3 маусымда ВЦИК Президиумның Указымен бұрынғы «Алашорда» мүшелеріне кешірім жариялынғанымен, «контрреволюциялық» қылмыс жасауды одан әрі жалғастыра берді деген айып тағылып, ішінде Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мырзағазы Есполов, Халел Ғаббасов, Дінмұхамбет Әбілов, Ғазымбек Бірімжанов, Ахметсары Юсунов бар 14 адам айыпталып, ату жазасына кесіледі. Кейін, 1931 жылғы 13 қаңтарды А.Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Есполов, Ғ. Бірімжановқа берілген ату жазасы 10 жыл концлагерге қамауға ауыстырылады.

1937 жылы Ахаңның алдына бұрынғы «кінәлары» қайыра қосылып, жазасын өтей келсе де қайыра айыпталады. 1937 жылғы 8 желтоқсанда Ахмет Байтұрсынов Алматыда атылады. «Ғасырлар бойы езгіде келе жатқан қазақ халқына азаттық әперу жолында» Ахаң осылайша мерт болды. Артында өшірсең де өлмес мұралары қалды.

А.Байтұрсынов шынында да өз тұсында туған халқының рухани көсемі болған, өз сөзімен айтар болсақ, халқына «адамдықтың тұқымын сепкен» парасатты перзенті. Сонымен қатар, бүгінгі бір ғылыми институт атқаратын жұмысты бір өзі, болмаса, ондаған авторлардың ісін атқарған тілші ғалым да.

Жас ұрпаққа ұлттық жазу жасап берген жаңашыл реформатор, қазақ балаларын ана тілінде оқуына күш салған қоғам қайраткері. Жастарды ұлт тілінде оқытуға арналған көптеген оқулықтардың авторы.

«Әліпби», «Тіл – құрал» сынды талай тамаша, оқуға жеңіл оқулықтарды жазған, қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы лингвист ғалым. Ана тілін оқыту әдістемесін жаңа сипатта ұсынушы – жаңашыл ұстаз. Қазақстан Ғылым академиясының іргетасын қалаушы, қазақ ғылымын ұйымдастырушылардың бірі. Қазақ сөзінің құдыретін танытқан сөз зергері. Өзі «көсем сөз» деп танытқан жанрдың көш бастаушысы – ірі публицист. Халқының ән-күйін жақсы білген – өнер иесі. 1929 жылға дейін республикамызда араб таңбаларын пайдаланған ұлттық Қазақ жазуы болды. Кезінде бұл жазуды тіл білімі ғалымдары «Байтұрсынов жазуы» деп те атаған. А.Байтұрсыновтың өзі болса «Қазақ жазуы» деп атаған. Араб алфавиті қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріліп, жаңаша түзелген, қазақ тілінде жоқ таңбалар шығарылып тасталған мүлде жаңа әліпби болды. Таңбалардың ұлттық тілдің дыбыс жүйесіне сай келуіне және оны әліпбимен жазудың дыбыс тәртібін, емле ережелерін жақсы түсіндірді.

1912 жылдан бастап А.Байтұрсынов «Айқын» журналы мен «Қазақ» газеті беттерінде ұлттық әлипби түзудің жолдарын ұсынып, жөн-жосығын, ұсыныстарының дәлелін жариялап отырады. Осы арада А. Байтұрсынов ғалым зерттеуші ретінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен таңбалардың әріптер жайындағы пікірлерін ұсынады. Ең үлкен жаңалығы – өз әліпбиіне «дәйекші» дегенді енгізеді. Сөздің оң жақ шекесіне қойылатын дәйекші белгісі сол сөздің тұтас жіңішке оқылатынының белгісі. Қазақ тіліндегі үндестік заңы – сингармонизмге икемдеу амалы осылай ашылады. Соған орай, А.Байтұрсынов: «Жіңішкелік үшін жалғыз ғана дәйекші белгі алып, 43 түрлі дыбысты 25 белгімен дұрыстап жазуға болады» - деп атап көрсетеді[1].

А.Байтұрсынов түзген араб таңбаларында әріптер саны аз. Соған қарамай олар қазақ тілінің барлық дыбысын таңбалай алады. А.Байтұрсынов түзген әліпбиді көпшілік бірден қабылдайды. 1915 жылдың өзінде бұл жазумен баспадан 15 кітап шығады. 1913 жылдан бастап мұсылманмедіреселері мен орыс-қазақ мектептерінде осы әліпбилер қолданыла бастады.

А.Байтұрсынов 1912 жылы «Айқап» журналында «Жазу тәртібі» атты мақаласын жариялайды. Осы мақаласында тіл білімін зерттеуші ғалым Ахмет Байтұрсынов былай деп атап көрсетеді: «...Оқу құралының ең ұлығы бала оқытатын кітап: оның жақсы болып балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі болуы шарт. Тәртіпті жазу деп айтамыз: тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі (хоріфі) бар болса. Осы күнгі жазуымызда дыбыс басына арналған белгіміз жоқ, бір белгіменен әлденеше түрлі дыбыстарды жазамыз... Балаларға нәр түрлі айтылатын сөзді, бір түрлі айтып жазып қойып, нәр түрлі оқу керек деегніміз зорлық емес пе? «Бірдей жазылған сөзді қалай қалай нәр түрлі оқысам дұрыс болады» деп бала қиналмай ма? Сондықтан әуелі оқу құралын сайлаудан бұрын жазуымыздың тәртібін түзетіп, жөнге салуымыз керек. Сонан соң жөнменен құрал сайлау керек», - деп ғалым қазақ жазуындағы арабтың басы артық әріптерін алып тастауды, жіңішке дауысты дыбыстарды білдіруге арналған белгі – дәйекшіні енгізуді ұсынады[2].

Ұзақ жылдар тәжірибесі тұңғыш зерттеу еңбек, оқулық кітап – «Оқу құралында» бір жүйеге келтіріледі: жаңа дыбыстық әдіспен тәртіп етілген төл қазақша әліппе – жаңа емле басы төңкеріске дейін де, одан кейін де бірнеше рет басылады. А.Байтұрсыновтың методикалық құралдары: «Баяныш», «Әліппе астары» және «Нұсқаушы» секілді көмекші құралдар айта кету орынды.

«Тіл – құрал» оқулығы А. Байтұрсыновтың күллі тюркологиялық әлемде атақ-абырой әперген еңбек. Оқулық қазақ тіл білімін саралауға қосылған, ондаған жыл қайыра басылған, тәлімді еңбек болды. А.Байтұрсыновтың өзі, осы еңбегі туралы былай деп жазады: «Тіл – құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелі кезде сондай жат көрінер, өйткені бұл қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кездерде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалатын».

Ахмет Байтұрсыновтың өз қолымен жасап берген «Газет-журналдарда» жарияланған еңбектердің тізімі 1929 жылдың 5 мамырында жазылыпты. Сонда мына еңбектері атап көрсетілген:

1. «Тіл – құрал» 1 бөлім. Фонетика.
2. «Тіл – құрал» 2 бөлім. Морфология.
3. «Тіл – құрал» 3 бөлім. Синтаксис.
4. «Әдебиет танытқыш»
5. «Баяншы». Методикалық жазбалар.
6. «Тіл жұмсар». 1 бөлім. Практикалық грамматика.
7. «Тіл жұмсар». 2 бөлім. Практикалық грамматика.
8. «Оқу құралы». Балалар әліппесі.
9. Әліппе
10. «Сауат ашқыш». Ересектер әліппесі.
11. «Әліппе – астар». Әліппеге методикалық нұсқау.
12. «Қырық мысал» - Крылов мысалдары аудармасының жинағы.
13. «Маса». Төлтума және аударма өлеңдер жинағы.
14. «Оқу құрал». Хрестоматия (нұсқалық)[2].

А.Байтұрсынов осылайша өзінің өміршең де өшпес еңбектерін атап көрсетеді. Шындығында да қазақ тілін түрлендіруде, бұл еңбектердің бағасы өлшеусіз, тіл білімінің алтын қырына қосылған асыл қазына болды.

А.Байтұрсынов, өзі түзеген емле жолында, өзі түзеген әліпбидің болашағын ойлап, хас батырлардай-ақ күресіп бақты. Орынды жерлерінде сөз алды, баспасөзде мақалалар жазды. Қазақ тілінің көп жоғын тауып кетті.

«Тіл – құрал». Әліпбилер... «Баяншы». «Тіл ашар». Ахаң түзген емле... «Әдебиет танытқыш»... Енді қазақ тілі үшін Қазақтың ізденетін күні туды.

Қазақ филологиясының тіл ағысының бірі – әдебиеттану ғылымы болса, оның бастау кезінде де ғұлама тілші ғалым Ахмет Байтұрсынов тұрған. Абайды барша қазаққа танытқан да А.Байтұрсынов болады. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үш санында «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақала жазады. Бұл Абай қайтыс болғаннан кейін жазылған зерттеу мақала.

А.Байтұрсынов Абайды былай деп таныстырады: «Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибрагим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ...».

Тұңғыш абайтанушы Ахмет Байтұрсынов Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңімен ойы, пішіні үндес. «Жиған-терген» атты жыр да жазса, 1926 жылы Мәскеуден «Жоқтау! Жинағын бастырып шығарады.

А.Байтұрсыновтың сөз өнері, әдебиет теориясы туралы ой-түйіндері «Әдебиет танытқыш» атты көлемді зерттеу еңбегінде жинақталған. «Әдебиет танытқыш» - қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел жинақталған еңбек.

Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымының негізін салып, тұңғыш әдебиет теориясын жасағандығына оның «Әдебиет танытқыш» еңбегі бірден-бір дәлел болғандай. А.Байтұрсыновтың ақын, көсемсөзші, тілші, ғалым, қоғам қайраткері санатында халқына жасаған еңбегінің күн өткен сайын мәні мен мағынасы арта түспек.

Халқымыздың рухани көсемі болған Ахмет Байтұрсынов еңбектерін - мәңгілік өшпес мұра деп бағалаймыз.

А. АБДУЛЛИНА,
Ы.Алтынсарин
атындағы АрҚПИ доценті